

«Ұлттық қолөнер – бабалар мұрасы»

Өтеп Алмагүл

16 жас

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернаты

Кестелеп тіккен үздік бұйым, «Оюлар жырласа...»

Жетекшісі: Тлемберлиева Айгуль Махатовна

Жұмыстың жасалған уақыты: 15.09.2015- 04.03.2016



«Оюлар жырласа...» панносы

Керекті құрал-жабдықтар:

Мата кесіндісі -жуылған, үтіктелген матаның кесегін тегістеу.

Қайшылар – кішкентай қайшы үшкір ұшты, жіпті қию үшін орташа қайшы мата мен жіп орамын қию үшін.

Инелер – мата қалыңдығы мен жіптің жуандығына қарап таңдалады.

Түрлі-түсті «Идеал» жіптері – тігуге арналған түрлі түсті жіптер.

Кергіш – кесте тігу үшін пайдаланатын құрал.

Түрлі-түсті маржан тастар мен бисер – кестені әшекейлеу үшін пайдаланады.

Үтік – жұмысты бастар алдында және жұмыс соңында үтіктеу үшін керек.

Кесте – өте ерте заманнан келе жатқан қолданбалы өнер түрі. Қолданбалы өнер - көптеген елдердің шеберлерінің, суретшілерінің шығармашылық жемісі. Ол киімдерді, интерьерді әшекейлеу нәтижесінде кісінің көңіл күйін көтереді. Оның бірі – шынжырлы тігіс. Тігілу мәнері жағынан ол көлемі біркелкі ілмектер шынжыр секілді біріне-бірі тіркесе тігіледі. Шынжырларының формасы мен көлемі әр түрлі болып келеді. Жіпті бекітіп, оны матаның оң жақ бетіне шығарып алған соң, ілмек тәрізді етіп созып, оны сол қолдың басбармағымен басып тұрып, инені алғашқы шаншыған жерден дәлдеп, төмен қарай, яғни матаның астыңғы бетіне қарай шаншиды. Тігістің теріс жағынан ине ілмектің астынан өтіп, тігістің үстіне ілмектің ортасынан шығады.


Матаның қалыңдығы кесте жібінің жіңішке, жуандығына және тігістің шаншылым жиілігіне сай келуі керек. Мата қалыңдау болғаны дұрыс, бірақ тігісті тартып, иненің өтуін қиындатпауы керек, мата өте жұмсақ болса да тіккен кесте бедері әдемі көрінбей қалады.

Жұмыс жоспары:

1. Суретті матаға көшіріп, құрал-жабдықтарды дайындап, бұйымды кергішке керу.



2. Жіп тандап, сурет ортасындағы еліктерді шынжыр тігісімен тігу.



3. Жіп тандап, саукеле мен жүзікті шынжыр тігісімен тігу.



4. Түрлі-түсті жіптермен ою жолақтарын кестелеу.





5. Кестені түрлі-түсті маржан тастар және бисермен әшекейлеу.



6. «Оюлар жырласа...» панносы.

